

**Жақсы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы № а-0/03 "2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы"**

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № а-5/156 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 9 шілдеде № 4862 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Жақсы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жақсы ауданы әкімдігінің «2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» қаулысына толықтыру енгізу туралы» 2015 жылғы 12 қаңтардағы № а-0/03 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4642 тіркелген, 2015 жылдың 28 ақпанында «Жақсы жаршысы» аудандық газетінде жарияланған) қаулысына келесі толықтыру енгізілсін:

келесі мазмұндағы 3.1. тармағымен толықтырылсын:

«3.1. Осы қаулының күші 2015 жылғы 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға тартылады.».

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ.Сүйіндіков*